

## **Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округінің Сумное ауылындағы атауы жоқ көшелерге атаулар беру туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 ақпанда № 5993 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 28 тамыздағы қорытындысы негізінде және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Сумное ауылы халқының пікірін ескере отырып, Виноградов ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округінің Сумное ауылындағы атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- № 1 көшеге – Достық көшесі;
- № 2 көшеге – Құлагер көшесі;
- № 3 көшеге – Тәуелсіздік көшесі;
- № 4 көшеге – Аманат көшесі;
- № 5 көшеге – Шал ақын көшесі;
- № 6 көшеге – Шапағат көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.


3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Қызылжар ауданы  
Виноградов ауылдық  
округінің әкімі*

*А.Есендыков*

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы  
Виноградов ауылдық округінің әкімі 2020 жылғы  
6 ақпаны № 2 шешіміне қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округінің Сумное ауылындағы атаусыз көшелерге атаулар беру туралы схемалық картасы**



Виноградов ауылдық округінің әкімі



Ә. Есендіков